

*Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»
(ортаңғы, «Толағай» тобының ұйымдастырылған ұлттық ойындар)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық, 12.09.2024ж

Мақсаты: 1. Ұлттық ойын арқылы балалардың дене бітімінің дұрыс қалыптасуын жетілдіру.

2. Ұлттық ойынға деген қызығушылық сезімдерін дамыту арқылы ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа тапқырлыққа баули тәрбиелеу.

3. Ойын арқылы салт - дәстүрді түсініп қастерлеуге ұлттық құндылықтарды білуге үйрету.

Әдіс – тәсілдер: Ойын, көрсету, әңгімелеу

Керекті құралдар: Бала санына қарай қамшы, теңге, арқан, тақия.

Барысы:

Шаттық шеңбер құрады.

Үлкенге де сіз!

Кішіге де сіз!

Барша жұртты құрметтеп,

Бас иеміз біз!

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай балалар

Үп-үлкен боп өседі.

Тәрбиеші: Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер? Қазақтың ұлттық ойындары ата бабамыздан бізге жеткен, өткені ол бүгінгісін байланыстырған баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Ендеше балалар бірнеше ұлттық ойын ойнап жаттығайық.

1. «Тақия тастамақ»

Балалар дөңгелек болып отырады. Бір бала жүргізуші болып тақия тастау керек, екінші бала біліп алып ойынды жалғастыру керек.

2. «Хан алшы»

«Хан алшы» — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер ойын бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында, «Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

3. «Асық ойыны»

Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату) және т.б.

4. «Текемет басу»

Киізден тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар жасаумен қатар оған оюлап, өрнек салудың табиғи ыңғайлылығын пайдалана отырып, сәндік қасиетін көне заманнан бері кеңінен қолданады.

5. «Қоржын тігу»

Қоржын – иірілген жүннен тоқылған бұйым. Ертеректе түрлі заттар алып жүруге пайдаланған. Жай жолақты немесе түрлі өрнекті, сондай-ақ түкті кілемше түрінде болады. Басында тұрмыстық зат ретінде кәдеге жараған . Қоржын бүгінде қазақтың той-томалағының барлығында кездеседі. Бесік тойдан бастап, үйлену тойына дейін. Дегенмен, той түрлі болғанымен, қоржынның атқарар міндеті бір. Ол – арнайы сыйлықтың «сандықшасы» іспетті. Ізгі ниетпен, ақ тілекпен алып келген қоржынды той иелері сақтап қояды. Тіпті, бесік тойдан қалған қоржынды әжелеріміз немеремнің үйлену тойында қолданамыз деп сандықтың түбіне салады екен. Заман өзгеріп бүгінде киізден, текеметке арналған қатты матадан қоржын аса жиі жасала бермейді.

